

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропологияның
қалыптасуы мен негізгі
парадигмалары



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологияның қалыптасуы мен негізгі парадигмалары
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» оқу құралында қарастырылатын мәселелердің бірі тарихи антропологияның қалыптасуы және негізгі теориялық ережелері. Осы дәрісте бұл пәннің қалыптасуы мен парадигмаларын қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Жаңа бағыттың қалыптасуы және оның алғышарттары

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрсеткіш. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Тарихи антропологияның ертеректегі бағдарламалық манифестерінің бірі - Андре Бюргер жазған және 1978 жылы «Жаңа тарихи ғылым» («La nouvelle histoire») энциклопедиялық анықтамалықта жарық көрген очеркте, автор «Анналар» мектебінің арқасында, тарихи антропология жаңадан пайда болып тұрған жоқ, тек қайта жаңғырды деп тұжырымдайды. Бұл бағыттың негізін қалаушы ретінде «Француздардың жеке өмірінің тарихы» көптомдығын («Тамақтану тарихының» тек үш томы шыққан) ойластырған, XVIII ғасырдың соңында өмір сүрген, бүгінде жартылай ұмыт болған тарихшы А.Легрен д'Оссидің және позитивистік тарихнаманың онымен қатарлас өкілдері арасынан ерекшеленген Жюль Мишле есімін атайды. Әрі қарай автор тікелей «Анналар» мектебіне көшеді, тарихи антропологияның қалыптасуы очеркі сонымен аяқталады.

Өзінің тарихнамалық очеркінде А.Бюргердің туған Франциясының шегінен бір де бір рет тысқары шықпағанын атап өткен жөн. Ал тарихи антропология басқа елдерде де (Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Ресей...) пайда болды. Мұны «Анналар» мектебінің халықаралық ықпалына жатқызуға бола ма немесе бұл бағыттың іргетасын қалаушы өз әкелері табылды бола ма? Ағылшын тарихшысы П.Берк өз мақаларының бірінде: Ф.Ницше, Аби Варбург, Фрэнсис Корнфорд, М.Блок [65, 273-274 б.] деп, тарихи антропологияның негізін қалаушылардың сәл басқаша тізімін ұсынады... Жоғарыда аталып өткен, 1998 жылы Мәскеуде өткен конференцияда баяндамашылардың бірі А.Л.Топорков тарихи-антропологиялық бағыт алғышарттарының орыс ғылымында XIX ғасырдың ортасында қалыптаса бастағанын айтты және бұған негіз ретінде Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня, А.Н.Веселовский сияқты, сол кезеңнің басқа да ғалымдарының еңбектерін атады.

Басқаша айтқанда, идеялары жаңа бағытпен үндес зерттеушілер шоғыры әр елден шығып жатыр. Мәселе басқада: талқыланып отырған бағыттың жаңалығы осылайша елеусіз қалып қойған жоқ па? Өйткені Ж.Мишле, Ф.Ницше, Ф.И.Буслаев және басқа да жоғарыда аталған керемет ойшылдар «тарихи антропология» терминін қолданбағаны өз алдына, сондай-ақ, қандай да бір ғылыми қозғалысқа немесе бағытқа қосылған жоқ. «Негіз қалаушы» деп оларды қазіргі ғалымдар жариялайды және өздерінің бүгінгі зерттеушілік мүдделері мен бағыттарын осындай тәсілмен негіздей отырып, ғылыми дәстүрде олардың «тамырын жаяды».

2. Зерттеу парадигмаларының ауысуы және тарихи антропологияның пайда болуы

Тарих ғылымының соңғы жүз жыл ішіндегі даму барысынан нақты кезеңділікті байқауға болады. XIX ғасырдың соңына қарай әлемдік тарихнамада позитивизм салтанат құрды; ұлы оқиғалар мен ұлы адамдар туралы әңгіме тарихты жазудағы басым пішінге айналды. Мемлекет пен оның билеушілері зерттеушілердің басты назарында болды, саяси тарих үстемдік құрды. Жаңа XX ғасырдың алғашқы онжылдығында Германияда Карл Лампрехт, Францияда Люис Фебр мен Марк Блок, Ұлыбританияда Льюис Нэмир мен Ричард Тоуни бұрынғы, оқиғалық, ранкеандық тарихпен күрес жүргізді. 50-жылдарға қарай «жаңа тарих»: оқиғалар емес, құрылымдар тарихы, экономикалық және әлеуметтік тарих, «ұзақ мерзімді» (Фернан Бродель айтпақшы, *la longue duree*) тарихы жеңді. Соғыстан кейінгі онжылдықтарда сандық, математикалық тәсілдер (клиометрия) кеңінен таралды. Содан, әлемдік тарихи ғылымда жаңа парадигма берік орныққандай болған соң, тарих бұқараны зерттей отырып, нақты, тірі адамды көзінен таса етіп алды, анонимді болды және жеке жауапкершілікті ұмытты деген мәлімдемелер тарала бастады.

Ірі медиовист Жорж Дюбидің куәлік етуінше, 60 жылдары «экономикалық тарих мүмкіндіктерінен» (нақтырақ айтқанда, экономикалық детерминизмнен) көңілі қалған француз ғалымдары сұлбасы Л.Февр мен М.Блок жұмыстарында көрінген ментальдық тарихында ізденуге көшті, оларды сол уақытта



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологияның қалыптасуы мен негізгі парадигмалары
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Клод Леви-Строс еңбектері арқасында кеңінен таралған және тарихшыларды да «пішінді сынаққа» шақырған әлеуметтік антропология жетістіктері қызықтырды. Мұның сыртында, отарсыздану француз этнологтарының Африкадан отанына орала салып, өз әдіс-тәсілдерін дәстүрлі, крестьяндық мәдениетті игеруге жұмсауына алып келді; француз тарихшылары жаңа буынының тақырыптары мен тәсілдеріне елеулі ықпал еткен Франция этнологиясы пайда болды.

Мұндай бетбұрыстар басқа елдердің, соның ішінде Ұлыбритания мен АҚШ-тың тарихи ғылымында байқалды. Зерттеушілер мүдделерін әлеуметтік экономикалық құрылымдарды талдаудан бұқара санасын зерттеуге қайта бағдарлауда «Past and Present» журналы маңайына топтасқан Британ тарихшы марксистері (Эдвард П. Томпсон, Э.Хобсбоум және т.б.) айтарлықтай рөл атқарды. Дәстүрлі халықтық мәдениетке қызығушылықтың пайда болуына және кейінірек әлеуметтік мәдени немесе жаңа мәдени тарих атанған бағыттың қалыптасуына британдық әлеуметтік антропологияның әсері болмай қалған жоқ. АҚШ-та Н.З.Дэвис шығармашылығы да сол арнада дамыды.

Ғылымдағы басымдықтардың ауысуы 70 жылдардың басынан-ақ тарихшылардың оқиғалар мен саяси тарихты зерттеу мәселесіне «қайта оралуы» жөнінде айта бастауына алып келді, ал 80 жылдардың соңынан бастап ғылыми биография жанры қайтадан сәнге айналды: тарихтағы бірегей және жеке тұлғалық нәрселер қайтадан тарихшылардың назарын өзіне ерекше аударды. Әрине, жүз жыл бұрынғы канондарға толықтай қайта оралу туралы әңгіме жоқ: биографиялар да, саяси да, оқиғалық тарих та ғылымға жаңартылған күйде «оралды», бұған тарихты жазудың көптеген дәстүрлі жанрларын түрлендірген тарихи антропологияның да әсері бар.

Бұл тұрғыдан алғанда, тарихи антропология біздің ғылымның ұзақ эволюциясындағы заңды саты ретінде көрініс табады: антропологизация кезеңі тарихнама маятникі қозғалмайтын құрылымдарды талдаудан тарих драмасындағы нақты актерлер - адамдардың мінез-құлқы мен стратегиясын зерттеуге қарай кері қайту қозғалысты бастаған сәтке тура келді.

Сондай-ақ пәнаралық аспект - тарихшылардың әлеуметтік ғылымдармен, ең әуелі, жоғарыда мысал келтірілген баяндамада Ж.Дюби атап өткен антропология өкілдерімен диалогі де маңызды. 70 жылдардың басынан кең таралған «тарихи антропология» атауының өзі француз және британ әлеуметтік антропологиясы және америкалық мәдени-антропология (кейде бұл екі бағыт та ортақ «этнология» атауына бірігеді) үлгісі бойынша құрастырылды. Алайда тарих пен әлеуметтік ғылымдардың бұл диалогін себеп-салдарлық байланыс түрінде елестету дұрыс болмас еді: тарихи антропология сабақтас пәндерден көшіріп пайдалану мен түйісу нәтижесінде пайда болған жоқ. Керісінше, соғыстан кейінгі онжылдықтарда тарихи ғылымның әдістемесі мен зерттеу мәселелерін жаңартуға деген ішкі қажеттілігінен туындады; әлеуметтік ғылымдар жетістіктерімен танысу осы жаңарудың бір құралы болды; бұл құралға түрлі тарихшылар әрқалай сүйенді және түрліше қолданды.

Пәнаралық байланыс 50-60 жылдары айтарлықтай жаңалық болған жоқ. XIX ғасыр соңындағы жекелеген зерттеушілердің өзі сабақтас пәндер тәжірибесіне сүйенуге машықтанды, оның үстіне «Анналар» мектебінің негізін қалаушылар 30 жылдары табанды түрде соған үндеді. Бірақ осындай пәнаралық диалог пен «серік» пәндердің өзін таңдау ауқымында айырмашылық бар. XX ғасырдың ортасына дейін көппәнді тәсілді тек жекелеген көрнекті тарихшы-энтузиастар қолданды, ал соғыстан кейінгі кезеңде бұл тәсіл жаппай кеңінен таралды, бара-бара байыпты тарихи зерттеудің нормасына (парадигмасына) айналды. Сондай-ақ, егер жүзжылдықтың бірінші жарты жылдығында тарихшылар, негізінен, география, әлеуметтану, экономика, психология үлгілерімен рухтанған болса, 60-80 жылдары пәнаралық байланыстағы басымдық көбінесе антропология, демография және лингвистикаға берілді. Тарихшылардың антропологтармен диалогы олардың зерттеу мәселелерін бұрынғы адамдардың өлімге, ауруға, жас кезеңдеріне (балалық, жастық, кәрілік), халықтық діндарлық, мәдениеттің әртүрлі деңгейлерінің (зияткерлер мен қарапайым адамдардың) өзара әрекеттестігі, мереке және жай күндер, жоралар, салтанаттар және т.б. тақырыптар есебінен елеулі түрде кеңейтуге көмектесті. Этнологиялық әдебиеттен тарихшылар түсініктемелік жаңа үлгілер, қайнаркөздерді түсіндірудің жаңа мүмкіндіктерін тапты. Сонымен бірге пәнаралық тәсіл тарихшыларға тек күмәнсіз табыстар ғана емес, күтпеген қиындықтар да алып келді. Бұл сұрақтарды талқылауға біз алдағы әңгіме барысында әлі ораламыз; бұл арада тарихшылардың этнологтар жұмысымен танысуының аса маңызды салдарларының бірін түсіндірумен шектелеміз: әлемдік отарсыздану дәуіріне тектен-текке тура келмеген тарих пен антропология «кездесуі» тарихтың еуроцентризмнен, адамзаттың прогресс жолымен қозғалысының әмбебаптығы және бір сызықтығы туралы ағартушылар дәуірінен сақталып қалған ұғымнан құтылуына ықпал етті. Оның орнына жер шарының түрлі нүктесінде мейлінше маңызды үдерістер өтіп жататын тарихтағы баламалық пен пішіндердің көптігін мойындайтын жаңа



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропологияның қалыптасуы мен негізгі парадигмалары
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

парадигма біртіндеп орныға бастады. Тарихи антропология шектен тыс жалпыланған сызбаларға қарама-қарсы, аймақтық айырмашылық пен әр алуандықтың маңызын ерекшелеп көрсететін осындай бағыттардың бірі болды.

Тарихты антропологизациялау үдерісінің саяси жағын да ескеру маңызды. Есімдері тарихты жазудағы антропологиялық бетбұрыспен байланыстырылып жүрген ғалымдар қандай да бір дәрежедегі солшылдықпен, әдеттегідей, демократиялық ұстанымды жақтады, олардың ішінде Мишель Вовель немесе Э.П.Томпсон сияқтылар марксист болды. Британ тарихшысы П.Берк пен италиян микротарихшылары марксизммен әуестенуді бастан кешірді. Микротарихты жасаушылардың бірі К.Гинзбург белгілі антифашист Леон Гинзбургтың отбасында өсті (қараңыз: С.Козловтың Гинзбург кітабының орысша басылымына жазған соңғы сөзін қараңыз; оның жұмыстарындағы Антонио Грамши еңбектеріне сілтемелер - тіпті де кездейсоқтық емес.

Нонконформизм және белсенді өмірлік ұстаным антропологиялық бағдарлы тарихтың тағы бір жасаушысы, америкалық зерттеуші Н.З.Дэвиске тән болды. 1981 жылы «Радикалды тарих журналына» берген сұқбатында ол, маккартизм жылдарында күйеуі, математика профессоры Чандлер Дэвистің өз ұстанымы үшін қалай түрмеге отырғанын, АҚШ-та қара тізімде болғандықтан, түрмеден шыққаннан кейін жұмыс таба алмай, ерлі-зайыптылардың Канадаға көшіп кеткенін айтқан. Торонто университетінде Натали оқушылардың және баламен жұмыс істеп жүрген әйелдердің құқықтары үшін күрес жүргізді, өйткені ол уақытта бөбекжайлар мен балабақшалар болмаған, сабақ кестесі қолайсыз жасалғандықтан, балалы әйелдерге қосымша қиындықтар туғызды, т.б.б. Н.З.Дэвис өзі мойындағандай, «әйел тақырыбы» оның өмірінен шығармашылығына ауысты және одан көрнекті орын алды.

Батыс Еуропа мен Америка елдеріндегі әйелдер мен ұлттық азшылық құқығы үшін күрес отарсыздану үдерісімен қатар, тарихи антропология жөніндегі түрлі еңбектерге тән «Өзгені» ашу және соған іштарту пафосына едәуір дәрежеде себепші болды. Германияда феминистік және экологиялық қозғалысты туғызған демократияландыру толқынында өмір сүру салты тарихы (Alltagsgeschichte) кеңінен мойындалды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы жаңа бағытты тек жалпы тарихнамалық контекст шеңберінде қарастыратын әлдебір кіріспе іспетті. Алайда, сол шеңберді енді түрлі-түсті бояулы кенеппен көмкеру қажет, нақтырақ айтқанда, тарихи антропологияның түрлі елдердегі қалыптасу ерекшеліктеріне зейін қоя отырып, жоғарыда келтірілген ой-пайымдарды нақтыландыру қажет.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. - Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.